

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 16еті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1,2 аралық бақылауға арналған сұрақтары

БББ атауы: 6B10104 «Мейіргер ісі»

Пән коды: UMK 3204

Пән атауы: «Үйдегі мейіргерлік күтім»

Оқу сағаттарының/кредиттерінің көлемі: 120 (4 кредит)

Оқукурсы мен семестрі: 3 курс, 5 семестр

Шымкент, 2025ж

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 2беті

Құрастырған: кафедра ассистенті Оразбаева Э.А.

Хаттама № 11 « 11 » 06 2025 ж.
Кафедра менгерушісі  Сейдахметова А.А.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 3беті

Аралық бақылау – 1

БИЛЕТ № 1

1. Үй жағдайындағы мейіргерлік күтім түсінігі, тарихы.
2. Сүт безінің қатерлі ісігі кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Наукас Айнұр, 55 жаста, қант диабетімен ауырады. Оның қан қант деңгейі жиі көтеріледі, тіпті кейде глюкометр көрсеткіші 15 ммоль/л-ден асады. Ол физикалық белсенділігі төмен, тамақтануында тәттілер мен көмірсуларға бай тағамдар басым. Наукас өз жағдайына көңіл бөлмей, тек дәрі-дәрмектер қабылдауға ғана сеніп жүр. Айнұрға дұрыс күтім жасау үшін қандай шаралар ұсынылады?
4. Артериялық криз кезінде үйде алғашқы көмек көрсету дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 2

1. Наукасты күнделікті бақылау парағын жүргізу.
2. Паркинсон ауруы кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Наукас Ержан, 40 жаста, ЖИТС диагнозы қойылған. Оның иммундық жүйесі әлсіреген, сондықтан жиі инфекциялық аурулармен ауырады. Ержанның тәбеті төмен, дене салмағы азайған, өзін әлсіз сезінеді. Сонымен қатар, наукас депрессияға шалдығып, жағдайына көңіл аудармайды. Ержанға дұрыс күтім жасау үшін қандай шаралар ұсынылады?
4. Температура парағын толтыру дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 3

1. Медициналық манипуляциялардың орындалуы, наукаспен үнемі байланыста болу.
2. Психикалық ауытқулары және мінез-құлық ауытқулары бар наукастарға мейіргерлік күтім көрсету.
3. Наукас Гүлназ, 45 жаста, оған жатыр мойны қатерлі ісігінің 2-ші сатысы диагнозы қойылған. Ол химиотерапия мен сәулелік терапиядан өтіп жатыр, осы емдердің жанама әсерлерінен жиі шаршап, жүрегі айниды және дене салмағы төмендеп жатыр. Сонымен қатар, Гүлназда көңіл-күйі түсуі мен мазасыздық байқалады. Гүлназдың күтімі үшін қандай шаралар ұсынылады?
4. Инсульттің бірінші белгілерінде үйде алғашқы көмек көрсету дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 4

1. Пациентке үй жағдайында күтім жасаудың негізгі қағидаттары.
2. Тері және венерологиялық аурулар кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Наукас Айгүл, 50 жаста, оған сүт безінің қатерлі ісігі диагнозы қойылып, ота жасалды және қазіргі уақытта химиотерапиядан өтуде. Айгүлдің энергиясы төмен, дене салмағы азайып, терісі құрғап, шашы түсе бастады. Оған көңіл-күйдің түсуі мен өзін-өзі бағалаудың төмендеуі байқалады. Айгүлге дұрыс күтім жасау үшін қандай шаралар ұсынылады?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 4беті

4. Ойық жараларының 3-4 кезендеріндегі өңдеу дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 5

1. Науқасты жалпы тексеру қағидаттары: есін, қалпын, терісі мен тері асты май талшығын, сүйек-буын жүйесін бағалау.
2. Деменция ауруы кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Науқас Болат, 65 жаста, оған инсульт диагнозы қойылып, ауруханада емделгеннен кейін үйге шығарылды. Ол оң жақ қолы мен аяғынан әлсіздік сезінеді, қозғалысы шектелген және өз бетімен жүріп-тұра алмайды. Болаттың сөйлеу қабілеті де бұзылған, көңіл-күйі түсіңкі. Үй жағдайында науқасқа қандай мейіргерлік күтім шараларын ұйымдастыру қажет?
4. Ойық жараларының 1-2 кезендеріндегі өңдеу дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 6

1. Жатыр мойнының катерлі ісігі кезіндегі мейіргерлік күтім.
2. Альцгеймер ауруы кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Науқас С., 50 жаста, бастың артқы жағындағы бас ауруына, құсуға, көздің алдында шыбындардың жыпылықтауына шағымданады. Жағдайдың нашарлауы стресстік жағдаймен байланыстырады. Объективті тексеру кезінде: жағдайы ауыр, қозған, бет терісі гиперемияланған, пульсі -100 рет/ мин, кернеулі, АД-220 / 110 мм сын.бағ. ст. Диагноз: гипертониялық криз. Жедел жәрдем алгоритмін жасаңыз.
4. Глюкометрді қолдану дағдыларыңызды көрсетіңіз
- 5.

БИЛЕТ № 7

1. Қантты диабет. Күтім мен бақылауда ұстау ерекшеліктері.
2. БЦП ауруы кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Науқас Сәуле, 30 жаста, оған депрессия және үрей бұзылысы диагнозы қойылған. Ол ұйқысыздықпен, тәбеттің төмендеуімен және үнемі мазасызданумен зардап шегеді. Сәуле үнемі көңіл-күйінің төмен екенін айтып, ештеңеге құлшынысы жоғын білдіреді. Ол көп уақытын жалғыз өткізеді және жақындарымен қарым-қатынас жасаудан қашады. Үй жағдайында Сәулеге қандай мейіргерлік күтім шараларын ұйымдастыру қажет?
4. Артериялық криз кезінде үйде алғашқы көмек көрсету дағдыларыңызды көрсетіңіз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 5беті

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары;

БББ атауы: 6B10104 «Мейіргер ісі»

Пән коды: DMIN 3201

Пән атауы: Дәлелді мейіргер ісінің негіздері

Оқу сағаттарының/кредиттерінің көлемі: 150 (5 кредит)

Оқу курсы мен семестрі: 3 курс, 5 семестр

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 6беті

Құрастырған: кафедра ассистенті Оразбаева Э.А.

Кафедра меңгерушісі _____ м.ғ.к., доцент Сейдахметова А.А.

Хаттама № _____ " _____ " 2025ж.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 7беті

Аралық бақылау – 2

БИЛЕТ № 1

1. Сүт безінің қатерлі ісігінің ерте кезеңдерінде қандай белгілер пайда болуы мүмкін және оларды қалай анықтауға болады?
2. ЖИТС кезіндегі мейіргерлік күтім.
3. Науқас Ерлан, 17 жаста, мектепте мінез-құлқында қиындықтар туындаған. Ол ашуға бейім, жиі сабаққа қатыспайды, мұғалімдермен және сыныптастарымен жанжалға түседі. Ата-анасы оның үйде де қырсық және агрессивті мінез-құлық көрсететінін, үй тапсырмасын орындаудан бас тартатынын айтып шағымданады. Ерланның мінез-құлқын реттеу үшін қандай шаралар қолдануға болады?
4. Ауыр науқас адамның беті мен ауыз қуысын гигиеналық өңдеу дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 2

1. Жатыр мойнының қатерлі ісігінің дамуында негізгі қауіп факторлары қандай және бұл аурудың алдын алу үшін қандай скринингтік тестілер ұсынылады?
2. Қант диабетінің тип 1 және тип 2 арасындағы негізгі айырмашылықтар қандай, және олардың емдеуі мен басқаруында қандай әдістер қолданылады?
3. Науқас Жанар, 25 жаста, оған экзема диагнозы қойылған. Ол қолындағы және беттегі терінің қышуы, құрғауы және қызаруы туралы шағымданады. Кейде зақымдалған жерлерде жарылып, ауырсыну байқалады. Жанар экземаның өршуін жиі байқайтынын және оған көп қолайсыздық туғызатынын айтады. Экземамен үй жағдайында қалай күтім жасау керек?
4. Сүт бездерін тексеру және пальпациялау дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 3

1. ЖИТС (АҚТК) диагнозы қойылған науқастарға мейіргерлік күтім көрсету кезінде қандай психоәлеуметтік қолдау әдістері маңызды және оларды қалай жүзеге асыруға болады?
2. Теріде кездесетін экзема мен псориаздың айырмашылықтары қандай және олардың емдеу әдістері қандай?
3. Науқас Әлия, 28 жаста, оған созылмалы хламидиоз диагнозы қойылған. Ол соңғы уақыттарда іштің төменгі бөлігінде ауырсыну мен қышу сезімін, сондай-ақ зәр шығарғанда ауырсынуды байқайды. Әлия венерологиялық ауруға байланысты емдеуді бастады, бірақ оның күйі жақсарар емес, және ол антибиотиктерді жиі ұмытып қабылдайды. Бұл жағдайда мейіргерлік күтім шаралары қандай болуы керек?
4. Экземаға арналған мейірбикелік күтім картасын толтыру дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 4

1. Дерматиттің пайда болу себептері қандай және оны емдеуде қандай терапевтік тәсілдер тиімді?
2. Венерологиялық аурулардан қорғану үшін қандай алдын алу шаралары маңызды?

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы Бақылау өлшеу құралдары		044-57/11 () 20 беттің 8беті

және олардың диагностикасы мен емдеу әдістері қалай жүзеге асырылады?

3. Науқас Әсет, 60 жаста, оған Паркинсон ауруы диагнозы қойылған. Ол жүрісінің баяулауы, бұлшықет әлсіздігі, қолдарының дірілдеуі және сөз айтуында қиындықтар байқалады. Сондай-ақ, Әсет қатты шаршағыш және өз бетінше күнделікті тұрмыстық міндеттерін орындауда қиындықтар туғызады. Үй жағдайында Әсетке қандай мейіргерлік күтім шаралары қажет?
4. Сүт бездерін тексеру және пальпациялау дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 5

1. Сифилис инфекциясының алғашқы белгілері қандай және оны ерте сатысында қалай анықтауға болады?
2. Шизофрения диагнозы қойылған науқастардың әлеуметтік бейімделуін жақсартуға арналған терапевтік әдістер қандай?
3. Науқас Мақсат, 5 жаста, бала туылғаннан бері балалар церебралды параличіне (БЦП) шалдыққан. Ол өздігінен жүре алмайды, қолдары мен аяқтарында бұлшықет тонусы жоғары, сонымен қатар сөйлеу қиындықтары бар. Мақсатқа үйде мейіргерлік күтім көрсету үшін қандай шаралар қолдану қажет?
4. Ауыр науқас адамның беті мен ауыз қуысын гигиеналық өндеу дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 6

1. Биполярлы бұзылыс кезінде аурудың маний мен депрессия кезеңдерін тиімді басқару үшін қандай дәрі-дәрмектер мен психотерапевтік әдістер ұсынылады?
2. Психопатия мен социопатия арасындағы айырмашылықтар қандай және олардың емдеу тәсілдері қандай?
3. Науқас Гүлшат, 7 жаста, оның жағдайы балалар церебралды параличі (БЦП) диагнозымен ауырған. Ол өздігінен жүре алмайды, қолдары мен аяқтарында бұлшықет гипертонусы байқалады, сөйлеу мен қарым-қатынасында қиындықтар бар. Гүлшаттың ата-анасы балаларына үй жағдайында күтім жасау үшін қандай шаралар қолдануы қажет?
4. Экземаға арналған мейірбикелік күтім картасын толтыру дағдыларың көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 7

1. Паркинсон ауруының алғашқы белгілері қандай және ауруды ерте кезеңде анықтау үшін қандай диагностика әдістері қолданылуы керек?
2. Деменцияның алғашқы кезеңінде байқалатын белгілер қандай және аурудың даму барысын баяулатуға арналған қандай емдеу тәсілдері бар?
3. Науқас Кенже, 75 жаста, деменция диагнозымен ауруханаға түсті. Ол ұмытшақтық, бағдарлаудың жоғалуы, туысқандарын танымау және күнделікті өмірдегі әрекеттерді орындауда қиындықтар байқалады. Кенже жиі мазасызданып, сұрақтарды қайталап қояды. Осы жағдайда мейіргерлік күтім қалай ұйымдастырылуы керек?
4. Ауыр науқас адамның беті мен ауыз қуысын гигиеналық өндеу дағдыларыңызды көрсетіңіз.

БИЛЕТ № 8

1. Альцгеймер ауруы бар науқастарда когнитивтік функцияларды жақсарту үшін қандай емдеу әдістері қолданылады?
2. БЦП-ның себептері қандай және оны болдырмау үшін жүкті әйелдерге қандай алдын алу шаралары ұсынылады?
3. Науқас Айжан, 62 жаста, деменция диагнозымен емделуде. Ол жиі мазасызданады, түнде ұйықтай алмайды, туыстарын жиі ұмытып қалады және күнделікті әрекеттерде көмекке мұқтаж. Айжанға мейіргерлік күтім көрсету кезінде қандай

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Шұғыл медицина және мейіргер ісі кафедрасы

Бақылау өлшеу құралдары

044-57/11 ()

20 беттің 9беті

шаралар қабылдау қажет?

4. Глюкометрді қолдану дағдыларыңызды көрсетіңіз